

Жария сервитут белгілеу туралы

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 23 қыркүйектегі № 173 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 17, 69 баптарына сәйкес Қарақия ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарақия ауданы жерінен көлемі 4,0 гектар жер учаскесі "KMG Barlau" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне № NO-1 барлау ұңғымасы үшін жер пайдаланушылардан алып қоймай 1 (бір) жыл мерзімге жария сервитут белгіленсін.

2. "Қарақия аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Қарақия ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

С.Төретаев